

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «В» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы  
III апт ( 18– 22 қаңтар 2021 ж.)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Аманжеева А.Ж

Тәрбиеші: Абеннова Б.К

Өтпелі тақырып « Табиғат әлемі »

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )	Дидактикалық ойын: Мозайка құрастыру. Мақсаты: баланың ойлау қабілетін жетілдіру.	д.о. «Кім тез жинайды?» Мақсаты: Пішіндер мен түстерді айыра білуге, шапшаңдыққа баулу; тәрбиешіні тыңдай білуге тәрбиелеу.	Сюжеттік рөлді ойындар Аспазшы Мақсаты: Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Аспазша әр түрлі тағам түрлері туралы әңгімелейді.	Дидактикалық ойын: «Тез, ақырын», Мақсаты: балаларға тақпақтарды, жаңылтпаштарды тез және ақырын айтуға үйрету.	« Қателеспе» Мақсаты: Спорт түрлерін анықтауға және білімдерін бекітуге жаттықтыру. Спортпен шұғылдануға деген талабын арттыру.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	<p><b>I. Сауат ашу</b> Тақырыбы: Мекені – жер. Е дыбысы мен әрпі Мақсаты: «Ее» дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру, айтылу артикуляциясын меңгерту. «Ее»дыбысы бар сөз,сөйлем, ойлап табуына назар аудартып, сөздік қорларын дамыту. «Ее» әрпін баспа түрін таныту Оқу қызметіне балалардың назарын тарту үшін педагог жағымды атмосфера құрады. Балалар бір-бірлеріне жылы сөздер айтады. Мына сұлу әлемде Адам өмір сүреді. Үлкен менен кішіге, Күн сәулесін төгеді. Балаларға әртүрлі дыбыстар тыңдап, ненін дыбысына ұқсайтынын табады. Дыбыстарды</p>	<p><b>I. Математика негіздері:</b> Тақырыбы: Мен айналаны танып - білемін. Апта күндері. Мақсаты: Аптадағы күндердің/жылдағы айлардың санын білу. Педагог балаларды апта күндері туралы әңгімеге тартады. – Балабақшаға, үйірмелерге қай күндері барасындар? – Сендер қай күндері демаласындар? Педагог балаларға апта күндері туралы тақпақтар, жұмбақтар оқып береді. Балаларға осы тақырыпқа байланысты қандай тақпақтар білетінін және оны жалғастыруды ұсынады. Әліппе-дәптермен жұмыс. I-тапсырма. – Кейіпкерлеріміз әр күні не істейтініне қара? – Аптада неше күн бар? (Жеті.) Кемпіркосаққа қанша түс бар болса, аптада сонша күн бар. Балалар түстермен сәйкестендіріп апта күндерін атайды. – Бір апта бойы не болғанын айтыңдар? – Сендер</p>	<p><b>I.Сауат ашу.</b> Тақырыбы: Жыл мезгілдері. К дыбысы мен әрпі Мақсаты: «Кк» дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру, айтылу артикуляциясын меңгерту.«Кк»дыбысы бар сөз,сөйлем, ойлап табуына назар аудартып,сөздік қорларын дамыту. «Кк» әрпін баспа түрін таныту Педагог балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, жақсы тілек тілейді: Балаларға бір-бірінің қолдарынан ұстап тұрып, әсемдікке байланысты тілек айтуларын өтінеді. Мысалы: Айна, сен сұлусың! Мара, сен сымбаттысың! Ғалия, сенің көйлегің әдемі! Педагог балалардың қолына бірдей пішінді домалақ айна таратып береді. Балалар айнаға қарап тұрып,</p>	<p><b>I.Құрастыру</b> Тақырыбы: «Мен тұратын көше және үй» Мақсаты: Жобаны командада жасау, команда үшін маңызы мен өз орнын білу. Психологиялық жағымды көңіл күй қалыптастыру мақсатында педагог сабақты «Кім, нені жақсы көреді?» жаттығуымен бастайды. Барлығы орындықтарға отырады. Кім, нені жақсы көреді солар орындарынан тұрады. Мысалы: Кім балмұздақты жақсы көреді, сол орнынан тұрсын... Кім өзін батырмын деп есептейді? Кім сары түсті жақсы көреді? Кім көп тамақ жегенді жақсы көреді? Кім айнаға қарағанды жақсы көреді? Кім құрылыс салғанды жақсы көреді? Кім құрылыс материалдарымен жұмыс жасағанды жақсы көреді? Кім</p>	<p><b>I. Өзін-өзі тану:</b> Тақырыбы: Табиғат-Ұлы ұстаз Мақсаты:табиғатты аялауға тәрбиелеу. <b>Шаттық шеңбері.</b> Жарқырап күнде ашылды, Айналаға нұр шашылды. Қайырлы күн!Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн!Біз сүйкімді баламыз! Суретпен жұмыс «Табиғат» аялдамасындағы суреттерге назар аударайық. III.Әңгімелесу «Табиғат-Ана» ертегісін оқып беріп, сұрақтар қояды -Неліктен анаға теңеп «Табиғат-Ана» деп атайды. IV. Дәйексөз « Табиғат қорғау-Отанды қорғау» деген нақыл сөзді дәйексөз ретінде түсіндіреді V. Сергіту сәті Біз балалар бағында, Тұрамыз өте көңілді. Көп болсақ та достықпен, Өткіземіз өмірді. Достықпен, достықпен Өткіземіз өмірді.</p>

	<p>табады. Дыбыстарды балалар ым-иширамен қайталайды</p> <p><b>1-тапсырма.</b> Сурет желісімен педагог балаларға сұрақ қояды. Сұраққа жауап беріп, әңгімелейді. Е әрпі кездесетін жануарларды атайды. Осылардың ішіндегі өз өлкесінде тіршілік ететін жануарларды табу</p> <p><b>2-тапсырма.</b> Суда тіршілік ететін жануарларды сурет бойынша ажыратады. Е дыбысы кездесетін жануардың атын қайталап, сөздерді буынға бөледі. Е – дауысты дыбыс. Е дыбысын айтқанда дауысымыз жіңішкеріп естіледі, дыбыс ерін арқылы айтылады.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b> Педагог балаларды орындарынан тұрғызып, өлең жолдарын кимылмен 2-3 рет айтқызады.</p> <p>Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі.</p> <p><b>3-тапсырма</b> Педагог өлең жолдарын оқиды. Өлеңде айтылған жануардың атын қайталайды, сол сөзге дыбыстық талдау жасайды.</p> <p>Е әрпінің бейнесін түсті қағаздармен құрастырады.</p> <p><b>4-тапсырма.</b> Сурет бойынша жұмыс</p>	<p>болғанын айтыңдар? – Сендер апта күндерінің атауын білесіңдер ме? – Сурет бойынша аптаның әр күні балалардың не істегенін айтыңдар. <b>2-тапсырманы</b> орналасу заңдылығын сақтай отырып жалғастырады және бояйды.</p> <p><b>«Апта, сапқа тұр» дидактикалық ойыны.</b> Үстелдің үстінде цифрлары бар теріс аударылған карточкалар жатыр. Балалар белгі бойынша үстелден карточкаларды алады. Өздерінің серіктестерін іздейді, яғни қатарға тұрып, өзіндегі апта күнін атайды («Бірінші – дүйсенбі, екінші – сейсенбі»...).</p> <p>Педагог дүйсенбіні; ..., сәрсенбіні және т.б. білдіретін күннен шығуын сұрайды. Педагог дүйсенбіден кейін, сенбінің алдында, сейсенбі мен бейсенбінің ортасында тұрған және т.б. апта күнінен шығуын сұрайды. Педагог бейсенбіден кейін (бес, алты, жеті деген цифрлары бар балалар); сәрсенбінің алдында (бір, екі деген цифрлары бар балалар) тұрған апта күндерінің шығып, өздерінің қай апта күндері екенін атауды сұрайды. Өткен тапсырманы бекіту үшін <b>3-тапсырманы</b> орындау ұсынады. Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.</p> <p><b>2. Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Жануарлар қайда тұрады?</p> <p><b>Мақсаты:</b> Сөздердің лексикалық мағынасы мен</p>	<p>айнаға қарап тұрып, өздерінің әдеміліктерін айтып жеткізеді.</p> <p><b>1-тапсырма.</b> Балалар сурет бойынша әр маусымның ерекшеліктерін әңгімелейді. Әр маусымдағы табиғат құбылыстарын, еңбек түрін, балалардың ойындары туралы өз ойларын білдіреді.</p> <p><b>2-тапсырма.</b> Сұраққа жауап болатын суретті сызықпен көрсету. Күшік, кілем, көбелек сөздеріне дыбыстық талдау жасату.</p> <p><b>3-тапсырма.</b> К дыбысын педагог 3-4 қайталап айтады. Балалар қандай дыбыс естіп тұрсыңдар? Балалар к дыбысын қайталап айтады. К дыбысының дауыссыз айтқан кезде ерін ашылып, тілдің ұшы астыңғы тістің түбіне тиедіК – қатан, дауыссыз дыбыс.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b> Балалар өлең жолдарын кимылмен қайталайды. Қояным тұршы Бетінді жушы, Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы! Енді алға адымдап жүрші! 4-тапсырма. Кітап парағын К бейнесінде ашып көрсетеді. А.Бактыгерееваның «Анаға сыйлық» өлеңі оқылып, мазмұны айтылады. Тек, күн сөздеріне дыбыстық талдау жасатылады. «Анаға сыйлаймыз» өлеңін мәнерлеп оқиды. Мазмұнын түсіндіреді. Өлеңдегі күн сөзіне</p>	<p>жасағанды жақсы көреді? Кім «Лего» конструкторларымен жұмыс жасағанды жақсы көреді? т.б. сұрақтар қоюға болады. Өзі тұратын көшесі жайында әңгімелету. Көшенің аты қалай аталады? Құрастыратын материалдарды, «Лего» конструктордың кез келген бөлшегін қолымызға алып, көріп, оның қасиеттерін атаймыз. Қол тигіз: конструктор бөлшегінің түсі, нысаны, өлшемі, тығыздығы бар ма? Ол жылтырайды ма? Ұстап көр: конструктордың беті қандай? Конструктордың сапасы туралы қорытынды жасаймыз: Конструктор бөлшегінің түсі, нысаны, өлшемі, тығыздығы әртүрлі болуы мүмкін. Конструктор бөлшектерінен көліктерғимараттар, үйлер, көшелер т.б. жасауға болады. Түстерінің алуан түрлілігі біздің әлемді қабылдауымызға бейімделген. Әліппе-дәптермен жұмыс. Тәрбиеленушілер құрылыс материалдары және «Лего» конструкторымен жұмыс істеген кезде қандай ережелерді сақтау қажет екендігі туралы ойланыңдар. Өздері тұратын немесе тандаған көшені құрастырады. Кез келген бала құрылыс жұмысын басқарушы, қалғандары құрылысшылар бола алады. Тәжірибелік жұмысты орындаған кезде тәрбиеленушілер өз білімдері мен бақылауларына сүйенеді,</p>	<p>Өткіземіз өмірді. <b>Ойын-жатығу</b> «Табиғатпен сырласу» Өзеннен өту. Тауа өрмелеп шығу. Шалшық сулардан өту. Ормандағы қалың ағаштың арасымен өту. Ашық алаңға жетіп қуанады. Тапсырмаларды түсіндіріп, орындауын сұрайды Қортындылау Табиғат-Ана деп халқымыз бекер айтпаған екен. Сол себепті табиғатты қорғауымыз керек. Ол біздің қорғанымыз</p> <p><b>2. Музыка.</b></p> <p><b>1. Тақырыбы:</b> «Табиғат тамшылары»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Тыңдалған музыкалық шығармадағы қарқынды (жылдам, баяу) динамиканы (қатты, ақырын) регистрді (жоғары – «құс», орташа – «қоян», төмен – «аю») анықтау</p> <p><b>Тыңдау:</b> «Тамшылар».</p> <p>(муз мен сөзі Л.Мұқашева)</p> <p><b>Ән айту.</b> «Ақ жауын» (М.Күзембаев, Г.Жотаева)</p> <p><b>Аспапта ойнау.</b> «Тамшылар» (румын халық әні, өңд Т.Попатенко Металлофонда ойнау)</p> <p><b>3. Қауіпсіздің мінез-құлық негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Қауіпсіздік мектебі. Қауіпті жануарлар.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жануарлармен байланыс кезінде қауіпсіздік ережелерін білу. Жағымды көңіл күй орнату. «Жабайы және үй жануарлары» Балалар шеңбер бойына жиналады, педагог аттарын атап, суреттен түрлі жануарларды көрсетеді. Жабайы жануарды көрсетсе, балалар</p>
--	---	---	--	--	--

	<p>жүргізіледі. Е әрпі туралы өленді тыңдайды. Е әрпінің қандай затқа ұқсайтынын айтады.</p> <p><b>5-тапсырма.</b> Е әрпін түрлі заттардан құрастырып жасайды</p> <p><b>6-тапсырма.</b> Мектеп жобасының сызбасын бастырып сызады. Оның қай әріпке ұқсайтынын айтады.</p> <p>Е әрпінің баспа түрін жазады. мПедагог қорытынды жасайды. Балалардың оқу қызметіне белсенділіктері мен қатына суын талқылайды</p> <p><b>2. Музыка.</b></p> <p><b>1. Тақырыбы:</b> «Табиғат тамшылары»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Тындалған музыкалық шығармадағы қарқынды (жылдам, баяу) динамиканы (қатты, ақырын) регистрді (жоғары – «құс», орташа – «қоян», төмен – «аю») анықтау</p> <p><b>Тыңдау:</b> «Тамшылар».</p> <p>(муз мен сөзі Л.Мұқашева)</p> <p><b>Ән айту.</b> «Ақ жауын» (М.Күзембаев, Г.Жотаева)</p> <p><b>Аспапта ойнау.</b> «Тамшылар» (румын халық әні, өнд Т.Попатенко Металлофонда ойнау)</p> <p><b>3. Жаратылыстану.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Су мен ауаның қандай қасиетін білесің ?</p>	<p>мәнін түсіну, мағынасы бойынша жақын/қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолдану.</p> <p><b>Шаттық шеңбері:</b></p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Көлеңке» Орман, тоғайдағы жан-жануарлар серуенге шықты. Қазір олардың қимылын салып көрейік.</p> <p>Көлбең-көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем! Қане, қатарға тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Педагог бір ұзын, бір аласа баладан тұрғызады. Көлбең-көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем, Кірпі қалай жүреді, Кім көрсете біледі? Ортаға бір бала шығып, аты аталған аңның (қоян, түлкі, тиін) т.б. жүрісін салып көрсетеді. Басқа балалар оны қайталайды.</p> <p>– Жабайы аңдарға нелер жатады?</p> <p>– Оларды неге жабайы деп атаймыз?</p> <p>– Жабайы аңдар қалай тіршілік етеді? Балаларға жабайы аң қолға үйренбеген түз жануары, олар өз бетімен табиғатта тіршілік ететіндігі түсіндіріледі. Кейбір аңдар орманда, кейбір аңдар далада, кейбір аңдар тауда тіршілік етеді.</p> <p><b>Әліппе-дәптермен жұмыс: 1-тапсырма.</b> Мына жануарлар қайда өмір сүреді? Суретке қарап, жануарларды ата. Үй жануарлары мен жабайы жануарлардың тіршілігін салыстыр.</p> <p><b>2-тапсырма.</b> Ұйқасын тап. Өзінше ноян Қорқақ ... . (қоян) Айбат шегер алыстан,</p>	<p>дыбыстық талдау жасату. Балалар к әрпін қарындашпен бастырып жазады. Педагог балалардың белсенділігін талқылай отырып, өз білімдерін бағалауын өтінеді. Смайлик арқылы бағалайды.</p> <p><b>2. Дене шынықтыру</b></p> <p><b>1. Тақырыбы:</b> Жас футболшылар.</p> <p><b>(негізгі қимылдар)</b></p> <p>Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қара пайым дене жаттығуларымен алмастыру</p> <p>Аяқ допты нағыз футболшылар секілді ойнау үшін жылдамдық пен ептілікті жаттықтыруды ұсынады. Ойын ережелеріне, ойыншылардың атқаратын қызметіне назар аударады. Қолға арналған жаттығуларды орындай отырып жүру. Кең адыммен және қысқа адыммен жүгіру. Балалардың жүгіру қадамының ырғақтылығына және аяқ пен қол қимылының үйлесуіне назар аударылады. Футбол добымен орындалатын ЖДЖ «тез ал, тез қой» Балалар музыка үнімен өз добының айналасында жүгіріп жүреді. Музыка тоқтағанда бәрі тездетіп допты қолға алып бастан жоғары көтеріп, омыртқаны барынша тіктейді. Футбол – сол аяқ және оң аяқпен еркін бағытта доп домалату. Нұсқау – допты аяқтың алдыңғы жағының ішкі табан жағымен итереді,</p>	<p>рындаған жұмысын безендірудің қарапайым тәсілдерін пайдаланады, ағаштар, көліктер, адамдардың бейнелерін, ойыншықтарын өздері қосымша құрастырып немесе дайын ұсақ ойыншықтармен толықтырады, шығармашылық таңдау жасай бастайды. Дайын болғанда қай топтың көшесі әдемі, кең, жол жүру ережелеріне сәйкес белгілер қойып та безендіреді. Осы көшенің тұрғындарының көңіл күйлері қандай, шығармашылық жұмыстарын не үшін және қалай пайдаланатыны туралы айтып береді.</p> <p><b>2. Жапсыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Менің төрт аяқты достарым</p> <p><b>Мақсаты:</b> Геометриялық пішіндер негізінде қарапайым заттардың бейнесін қию (жолақтарды тіктөртбұрыш, шаршыларды үшбұрыш етіп қию, шаршының немесе тіктөртбұрыштың бұрыштарын қию арқылы шеңбер және сопақ пішіндерді қиып алу).</p> <p>– Хал-жағдайың қалай? – Мынадай!</p> <p>– Қалай жүзесің? – Былай!</p> <p>– Жауап күтемсің? – Осылай!</p> <p>– Қол бұлғаймысың? – Былай!</p> <p>– Қалай жүгіресің? – Осылай!</p> <p>– Таңда ұйықтап жатасың ба? – Осылай!</p> <p>– Алысқа қарайсың ба? – Осылай!</p> <p>– Қалай тентек боласың? – Осылай!</p>	<p>қолдарын алға созып отырады, үй жануарын айтса, қолдарын жоғары көтереді.</p> <p>Мысалы: сиыр, қоян, жылқы, қасқыр, мысық, түлкі, қой, қозы, шошқа, маймыл, қаз және т.б. Ойын барысында жабайы және үй жануарын ажырата алатындарыңды көрсеттіңдер. Екеуінің қандай айырмашылығы бар екен?</p> <p>Балалардың жауаптары.</p> <p>Қорытынды: Қоршаған ортада көптеген жануарлар өздеріне тамақ тауып жейді, жауларынан қорғанады, өздеріне баспана табады, өз ұрпақтарына қамқор болады, олар – жабайы жануарлар.</p> <p>Үй жануарлары тек адамдардың қамқорлығымен өмір сүреді. Адамдар оларды тамақпен, баспанамен қамтамасыз етіп, қамқор болады. – Жабайы аңдар несімен қауіпті болуы мүмкін?</p> <p>педагог ақпараты: Жануарлар әлемі әртүрлілігімен ерекшеленеді. Табиғатта үлкен, кіші жануарлар кездеседі. Бір жануарлар жүгіреді, біреулері жүзеді, кейбіреулері ұшады, жорғалайды. Бірақ жабайы жануарлардың барлығы адам үшін қауіпті.</p> <p>– Жабайы жануарлардан қауіп төнбес үшін қандай ережелерді есте ұстау керек?</p> <p>Қауіпсіздік ережелері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Жабайы жануарларға жақындама.</li> <li>• Жабайы жануарларды ұстама.</li> <li>• Орманда ашық аяқкиіммен жүрме.</li> <li>• Жыланды көрсен, оған тиіспе.</li> <li>• Жылан немесе басқа жабайы жануар тістеп алса, дереу дәрігерге жүгіну – Адамдар өз үйіндегі жабайы жануарлармен қалай қарым-қатынас жасау керек? педагог</li> </ul>
--	--	--	--	--	--

	<p><b>Мақсаты:</b> Су мен ауаның қасиеттерін сипаттау Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолынды жу. Жусаң сен әрдайым, Аппақ бетің, мандайың. Тазалықтың досы, Су деген осы. Педагог жұмбақ шешуді ұсынады. Жылт-жылт етеді, Жылғадан өтеді.(Су) Көзге ілінбейді, Жұтсаң білінбейді. (Ауа) Балалар кестедегі суретке қарап, оқу іс-әрекетінде әңгіме не жайында болатынын болжамдайды. Оқу іс-әрекетінің соңына қарай қол жеткізілетін мақсат анықталады. Педагог балаларды мәтінмен таныстырып, сұрақтарды талқылауды ұсынады. Тәжірибелік жұмыс шеңберінде жұмыстың қауіпсіздік ережелерін талқылау <b>1-тәжірибе.</b> Тәжірибе жасау арқылы судың түссіз, мөлдір, дәмсіз, иіссіз екенін анықтау. 1.1. судың түсі қандай? (1-тапсырма) Екі стакандағы су мен сүтті салыстыру. Сүттің түсі ақ. Ал судың түсі мөлдір. Нәтижесінде судың түссіз мөлдір, ал сүт ақ түсті болатынын анықтау. 2.2. судың дәмі қандай? Су мен апельсин шырынын салыстыру.</p>	<p>Аң патшасы ... . (арыстан) <b>3-тапсырма.</b> Жабайы жануарлардың төлдері қалай аталады? Қасқырдың төлі – бөлтірік. Аюдың төлі – қонжық. Қоянның төлі – көжек. Түлкінің төлі – жаутаң, мыршай. Жолбарыстың төлі – шөңжік. Еліктің төлі – құралай. <b>Сергіту сәті:</b> Балалар шеңбер бойына тұрып, педагог нұсқауын қимыл-қозғалыспен көрсетеді. «Аңшылар аң аулауға шықты. Жолда үлкен көл кездесті, олар малтып өтті. Енді үлкен ағаш кездесті. Оның ұшар басына өрмелеп шықты. Жерге сырғанап түсті. Алдарында үлкен апан тұр. Іші қараңғы, онда аюдың екі көзі жылтырап көрінеді. Қаштық!» <b>Жұмбақ шешейік.</b> Өзі ірі жануар, Үстінде екі тауы бар. (Түйе) Балпаң-балпаң басады, Қыр-жотадан асады. Паналайды үңгірді, Іздемейді тасаны. (Аю) <b>Дидактикалық ойын:</b> «Сөз ойла» Ойынды педагог бастайды. – Мен бір сөз ойладым. – Қандай? - деп қызығады балалар. – Оны маған түрлі сұрақтар қою арқылы айтқызуларың керек. (Балаларды тыңдайды және оларға сөзбен көмектеседі, қандай жағдайда қалай сауал қоюдың жөн екендігін көрсетіп бағыттайды). Балалар сұрайды: – Бұл жанды нәрсе ме, жансыз нәрсе ме? – Жанды.</p>	<p>басқа ойыншыларға тимей, допты оң және сол аяқпен бірқалыпты тебе отырып алға жылжытады. Допты алға теуіп алып жүргенде, оң немесе сол аяқтың алдыңғы ұшы жерге қарай бағыттталып, доп ойыншының алдында болуы тиіс. Педагогтің белгісі бойынша допты табанымен тоқтату.Іші толтырылған допты қатарда тұрып қос қолдап кеуде тұсынан лақтыру. (Қатар және ретімен орындалады). Бүгілген қолды пәрменді түрде жазуға назар аударыңыз. Балаларға затты алысқа лақтырған кездегі қауіпсіздік техникасы ескертіледі: қауіпсіз арақашықтық ұстау, белгі берілгеннен кейін ғана доптың артынан жүгіру, залды сол немесе оң жақтан айналып өту, алдыңғы қатардың артына жылдам тұру. Арқаннан қос аяқтап жанымен алға секіру. Нұсқау – бір мезетте қос аяқтап бар күшімен қарғу, аяқтың серпу күшін шамалау.Қалыпты демала отырып, қозғалысты үнемді (арқанға жақын) орындау икемділігіне назар аударыңыз. «қозғалысты есіңе сақта» қимыл ойыны Ойын бастаушы таңдап алынады. Балалар онымен ілесіп аяқпен қолдың қимылдарын қайталайды. Балалар жаттығулардың ретін естеріне сақтап алған соң, оларды кері ретпен</p>	<p>– Ал қалай отырарсың? – Былай! Педагог балаларға жұмбақ жасырады: Көзін жұмады, Көзін ашады. Сыбысын білдірмей, Ақырын басады. (Мысық) Өзі жуас, өзі момын, Бір шешпейді тонын. (Қой) Өзі үлкен жануар, Үстінде екі тауы бар. (Түйе) Тәрбиеленушілер бүгін сабақта не істейтіндерін түсінген/ түсінбегендерін сұрайды? Сабаққа дайындықты тексереді. Өліппе-альбомдағы иллюстрациялармен жұмыс. Балалар суретке қарап, жануарларды атайды, олардың дене мүшелерін анықтайды. Проблемалық сұрақ: Осы жануарларды неліктен «үй жануарлары» деп атайтынын білесіңдер ме? Педагог жапсырмадағы басты кейіпкерлер ірі болып, ашық түстермен берілгеніне балалардың назарын аудартады. саусақтарға арналған «марғаулар» жаттығуы. Тікірейіп құлағы Менен бұрын тұрады. Бойын жазып керіліп Беті-қолын жуады. Қасымнан бір қалмайды. Көзін қысып алдайды. Ойнатсам да күнімен Ойыны бір қанбайды. Апликацияны орындау технологиясы. Педагог ауызша көркем сөзді пайдаланып, затқа сенсорлық</p>	<p>ақпараты:Қазіргі таңда адамдар үйлерінде жылан, кесіртке, тіпті қолтырауын сияқты жабайы жануарларды ұстайды. Бірақ бұл жануарлар олардың өмірі үшін қауіпті екенін ешқашан естен шығармауы тиіс. Қауіпсіздік ережелері: • Жабайы аңдар қолға үйретілген болса да, ол жабайы екенін ұмытпау керек және оларға ерекше сақтықпен қараған жөн. • Иесі әрдайым жануарлар дәрігеріне көрсетіп, уақытылы екпесін алып тұруы керек – Адамға үй жануарлары қауіпті болуы мүмкін бе? Балалардың жауаптары. педагог ақпараты:Үй жануарлары мейірімді, сүйкімді болып көрінуі мүмкін. Бірақ олар күтпеген жерден өзін үркіткен адамға шабуыл жасауы да мүмкін. – Адам үй жануарларымен қандай қарым-қатынаста болуы керек? Қауіпсіздік ережелері: • Иесі әрдайым үй жануарын уақытылы тамақтандырып, қамқорлық жасау керек. • Уақытылы екпе жасату керек. • Балалар өзі білмейтін бөтен жануарларға жақындамағаны дұрыс. «Ғажайыпқа айналу» ойыны. Балалар ым-ишара, дауыс арқылы үй жануарларын бейнелейді. – Баспанасыз жануарлар қайдан пайда болады? Қорытынды: Ойыншыл мысықты, тентек күшікті балалар жақсы көреді. Олармен ойнаған көңілді. Бірақ жануарларды арнайы дәретке баруға, аяқкиімді бүлдірмеуге, жиһаздарды тырналамауға үйрету қажет. Оларды уақытында тамақтандыру және серуендету қажет. Өкінішке орай, кейбір балалар</p>
--	---	--	--	---	---

<p>Шырында апельсин жемісінің дәмі бар. Ал судың дәмі жоқ. Нәтижесінде судың дәмсіз екені анықталады</p> <p>2-тәжірибе: судың үш күйін анықтау. Су – сұйық зат.</p> <p>Суды мөлдір стақанға құю. Даусын естірту. Нәтижесінде балалардың судың сұйық болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Су қай кезде қатты денеге айналады? Стақанға суды құйып, бір күнге тоңазытқышқа қойып, нәтижесінде судың төмен температурада қатты денеге айналатынын дәлелдеу.</p> <p>Су бұға қалай айналады? Суды қайнатқанда бұға айналатынын түсіндіру</p> <p><b>3-тәжірибе:</b> Ауасыз тіршілік жоқ екенін және ауаның көзге көрінбейтінін анықтау. Ауасыз өмір сүре аламыз ба?</p> <p>Ол үшін тыныс мүшелерін бекітіп, тыныс алмау керектігі ұсынылады. Нәтижесінде адам ауасыз өмір сүре алмайтыны туралы тұжырым жасалады. Ауа көзге көріне ме? Ауаның түсі жоқ болғандықтан, көзге көрінбейтінін тек адамға сезілетінін анықтау.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Динамикалық кідіріс.</li> <li>• Педагог ойындар ұсынады:</li> <li>• егер:</li> </ul>	<p>– Ол мал ма? – Жоқ, мал емес. – Жануар ма? Құс па? – Жабайы жануар. – Үлкен бе, кіші ме? – Итке ұқсаған. – Ол – қасқыр. – Дұрыс.</p> <p><b>Әліппе-дәптермен жұмыс.</b> <b>4-тапсырма.</b> Жануарлардың екінші бөліктерін сызық арқылы қосып көрсет. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды марапаттайды.</p> <p><b>3. Сурет</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қыс қызығы» (пәндік) <b>Мақсаты:</b> Көркем материалдар және құралдар қолмен/саусақпен және т.б. көмегімен қарапайым жұмыс түрлерімен, техникасын қолдана отырып, заттардың текстурасын бейнелеу</p> <p>Шаттық шеңбер: Ал, балалар тұрайық Үлкен шебер құрайық! Алдыменен бәрімен Амандасып алайық. Қайырлы таң достарым! Қайырлы таң – апайлар! Балалар шеңберге тұрып, бір – бірімен амандасады</p> <p>Бүгінгі ұ. о. қызметін мына бір өлең жолдарымен бастағым келіп тұр.</p> <p>Аппақ қыстың бояуы Аппақ қыстың бораны Ақ көрпеге орайды Ақ қар байтақ даланы . Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - Қыс мезгілі . - Қыс мезгілінде неше ай бар? - 3 ай бар. Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан - Қыста күн қандай болады? - Суық, аяз, боран.</p>	<p>орындайды.</p> <p>Балаларға (жүргізушіге) әртүрлі қозғалыс тәсілдерін пайдалануды ұсыныңыз</p> <p><b>3. Көркем әдебиет:</b> <b>Тақырыбы:</b> Тұсау кесу (өлең) <b>Мақсаты:</b> Шағын өлеңдерді, фольклор жанрларын мәнерлеп жатқа айту.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Жауап берші» <b>Мақсаты:</b> ойлауды, заттардың көлемі, мөлшері, түсі, белгілері мен қасиеттері бойынша топтастыра және атай білуді дамыту</p> <p>Педагог тәрбиеленушілерді шаттық шеңберіне тұрғызады.</p> <p>Қуанамын мен де, Қуанасың сен де, Қуанайық, достарым, Арайлап атқан күнге. Тәрбиеленушілер бірбіріне сәттілік тілеп, жылы лебіздерін айтады. Әліппе-дәптермен жұмыс.</p> <p>Сурет бойынша бірбіріне сұрақтар қойып, оған жауап беріңдер.</p> <p>– Суреттегі салт дәстүр саған таныс па? – Тұсау кесу рәсімін қанша жаста істейді? – Баланың тұсауын қандай адамға кескізеді? – Тұсау кесу рәсімінде қандай тілектер айтылады? – Тұсау кескенде қандай заттар керек? Балалармен бірге талқылап, педагог қорытынды жасайды. – Атабабамыздан келе жатқан салт дәстүріміздің бірі – тұсау кесу.</p>	<p>зерттеу жүргізеді. Педагог балалардың назарын геометриялық пішіндерді киноның өздеріне мәлім тәсілдеріне аударады. Педагог бір баланы шаршыны немесе дөңгелекті әзірлеу тәсілін көрсету үшін тақтаға шақырады, тәрбиеленушілер білгендерін бекітуі және жұмыс ретін қайталауы үшін сол баланың әрекеттерін нақтылап, түсіндіріп отырады. қауіпсіз жұмыс ережелері.</p> <p>Жұмыс кезінде қайшы жүзінің қозғалысын бақыла. Қайшымен ойнама, қайшыны бетіңе жақындаппа. Қайшыны мақсатына қарай пайдалан.</p> <p><b>3. Дене шынықтыру</b> <b>2. Тақырыбы:</b> Біз достармен ойнаймыз. (Ауада) (негізгі қимылдар)</p> <p>Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау Сапқа, қатарға тұру.</p> <p>Балалардан еліміздің белгілі спортшылары туралы не білетіндерін сұрау. Олардың айтқандарын қысқаша толықтыру. Тізбекке тұрып, алаңның бір шетінен екінші шетіне жүру. Адымдарын дұрыс басып жүруіне көңіл аударыңыз 30 метр дистанцияға жүгіру.</p> <p>Дайындық жаттығуларын өткізу:</p> <p>1. Б. қ. – аяқтың ұшымен тұру. Бір орында тұрып аяқтың ұшымен жүру (өкшені еденге</p>	<p>асыранды жануарларды күткенді жақсы көрмейді, ал ата-аналарының уақыты жоқ. Сол себепті кішкентай күшік пен мысықты далаға шығарып жібереді. Адам жануарды асырауға алмас бұрын осының бәрін ойластыру керек, мысық не күшік сатып әперуін өтінген бала ол жануарлар үшін Балалар Әліппе-дәптердегі суретті қарастырып, жағдайды талқылайды.</p> <p>Педагогпен бірге ереже құрастырады:</p> <p>– Баспанасыз жануарды көру аянышты, бірақ жақындау да қауіпті. Баспанасыз иттер мен мысықта адамға жұғатын аурулар болады. Сол себепті оларды алыстан ғана тамақтандыр, бірақ сипап, қолға алуға болмайды.</p> <p>– Баспанасыз иттің әрекетін болжау қиын. Ол сенің сипағың келгенін өзіне шабуыл деп түсініп қалуы мүмкін. Балалар Әліппе-дәптердегі суретті қарастырады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Топтанып жүрген иттерді көрсен, жолдың бағытын өзгертіп, оларды айналып өткен жөн.</li> <li>• Иттен қашып, жүгіруге болмайды, артыңнан қуалап, бас салуы мүмкін.</li> <li>• Иттен қолыңда бар заттармен: қолшатыр, сөмке, қораппен қорғанып, тасалан. Заттарды итке лақтырма.</li> <li>• Ашулы иттің көзіне тік қарауға болмайды. Ит сен қарсыласқың келіп тұр екен деп, шабуылдауы мүмкін Жәндіктердің шағуы қауіпті ме?.</li> </ul> <p>Балалар суретті қарастырып, талқылайды.</p> <p>педагог ақпараты: Жәндіктердің шағуы қауіпті болуы мүмкін. Масалар энцефалит, безгек ауруларын тасушы. Араның шағуы аллергиясы бар адамды дертке</p>
---	--	---	---	--

